

Әкімдіктің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 100 "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 152 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 8597 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Әулікөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әулікөл ауданы әкімдігінің "Қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2019 жылғы 28 мамырдағы № 100 қаулысының (2019 жылғы 11 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8491 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. "Әулікөл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әулікөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әулікөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.